

**«6D021200-Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Буркитбаева Шынарай Дубировнаның «Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы: тарихи таным және
ұлттық бірегейлік (ахысқа түріктегі, өзбек, үйғыр, татар ақындарының шығармалары бойынша)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы «Мәдени мұра» «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына, «Болашакқа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламаларының бағытына сәйкес келеді. Еліміздегі билік институттары мен азаматтық қоғамның мәселесі болып отырған этностар арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа аландарын қалыптастыруды әдеби, мәдени қарым-қатынастар негізінде реттеу, этникалық мәселені саясиландыруға жол бермеу, этникалық негіздегі кез келген жанжалды бейтараптандыру сияқты бірлік пен келісімнің әлеуметтік капиталын нығайтуда еліміздегі этносаралық процестерді басқаруға бағытталған барлық мемлекеттік жобаларға сай. Елімізде түркі халықтарының (қазақ, өзбек, татар, үйғыр, кыргыз, түрік, әзербайжан) арасындағы әдеби байланыстардың ежелгі және ортағасырлық жазба мұралары біршама зерттелген. Дегенмен тәуелсіз Қазақстан дәуіріндегі елімізде өмір сүріп жатқан түркі халықтарының әдебиеті, кезеңдері, ортақ ұқастықтары мен ерекшеліктерін зерттеу мәселесі аксап тұрғаны шындық. Осы тұрғыдан алғанда докторанттың зерттеу жұмысының маңыздылығы жоғары екендігі анық байқалады.</p> <p>Елбасымыз Қазақстан халқы Ассамблеясының кеңесінде елімізде өмір сүретін барлық этностарға Қазақ халқының мемлекет құрушы субъект ретіндегі мәртебесін түсінуді нактылау қажеттігін, Қазақ халқы басқа этностар үшін интеграцияның табиги орталығына, ұлттың өзегіне айналуы керектігін, сонымен қатар барлық этностар Қазақстанның болашагы үшін жауапкершілікті тендей бөлісетіндігін, бұл барлық сындарға жауап берудің және Тәуелсіздіктің 30 жылында қол жеткізген жетістіктерді дамытудың жалғыз жолы екендігін айтып, бұл түсінікті қоғамда тарату</p>

			<p>қажеттігін нақтылаған. Елімізде өмір сүріп жатқан халықтардың басым бөлігін түркі халықтары құрайтындығы белгілі. Сондыктан түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениетін зерттеп ортақ түркілік бірегейлігімізді, туыстығымызды ашып көрсетеу тақырыптың маңыздылығын арттыра түседі. Зерттеу жұмысының тақырыбы мен мазмұны Ұлы даланы мекен еткен түркілердің белгілі саяси себептермен бір-бірінен алшақ кеткен бүгінгі ұрпактарын жақындастыруға, әдебиетін танып білуге және танытуға, ұлттық тарихи сананы жаңғыртуға, Мәнгілік ел мұрасын сақтауға бағытталған Мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты. Сонымен қатар аталмыш мемлекеттік жобалардың ғылыми-практикалық негіздерін қалыптастыруға арналған ішараclarды жүзеге асырудың барлық талаптарына толықтай жауап береді.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, оның маңыздылығы жақсы ашылған. Зерттеу тақырыбының маңыздылығы айқын. Себебі, Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясы бұрын-соңды зерттеу нысанына алынбаған тың тақырып. Орыс тілінде зерттелген бірді-екілі жекелеген түркі этностарының поэзиясы туралы зерттеулерді қоспағанда ғылыми тұрғыда мемлекеттік тілде алғаш рет қолға алынып отыр. Зерттеу жұмыстың құрылымы, тақырыптық мазмұндық желісі жүйелі және ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді, орындау сапасы жоғары деңгейде және практикалық</p>

			тұрғыдан да өзекті мәселелерге арналған. Зерттеу нәтижесінде кол жеткізген түйіндер мен қорытындылар нактылығымен, ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен маңызды. Диссертацияда пайымдалған қорытындылар тек теориялық тұрғыдаға емес тәуелсіз мемлекетіміздің жоғары, арнаулы, орта оқу орындарында Қазақстан халықтары әдебиеті пәніне қосымша оқу құралы және Түркі халықтары әдебиеті пәні ретінде оқыту тәжірибесі үшін де өте маңызды. Сонымен бірге зерттеу жұмысының практикалық қызметі ондағы тұжырымдар мен көтерілген идеяларды халықаралық катынастар, түркітану, Қазақстанның басқа түркі тілдес республикалармен әдеби қарым-катынастар пәндерін оқытуда және әдебиеттану ғылыминың жекелеген мәселелерін зерделеуге де кеңінен пайдалануға болады. Жұмыстың ғылыми қорытындыларын тың деп есептеуге болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған	Диссиденттың диссертацияны өзі жазу деңгейі жоғары. Ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ізденуші зерттеу объектісіне сәйкес материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдау жасаған. Ізденуші осыған дейін ғылыми айналымда сараланбаған қазақ елінде өмір сүретін түркі халықтары ахыска түркітері, татар, үйғыр, өзбектердің поэзиялық шығармаларына талдау жасап, ғылыми негіздерді сақтай отырып заманауи талаптарға сай зерделеген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының осыған дейін зерттеушілер тарарапынан қарастырылмағандығымен айқындалады. Докторант Ш.Д. Бұркітбаеваның диссертациялық зерттеу жұмысының басты нысаны, Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі елімізде өмір сүретін түркі халықтарының поэзиясын кезеңдерге бөліп, жүйелеп, әдеби тұлғаларын анықтау және түркі халықтары арасындағы ортақ түркілік, ұлттық бірегейлікті, ел бірлігін насиҳаттауға негізделген. Жұмыста жасалған тұжырымдар мен нәтижелер бір-бірімен өзектес әрі сабактас болып, ішкі бірлігі дұрыс сақталған. Диссертацияның құрылымы мен мағыналық үйлесімі, мазмұндық желісі нақты ғылыми дәлелмен берілген. Жұмыс осы деңгейдегі ғылыми диссертацияларға қойылаттын талаптарға толық жауап береді.

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, уш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Бұл жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, атап айтканда, зерттеудің мақсаты: қазақ тілінде ғылыми айналыска түспеген Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтарының (ахыска түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) поэзиялық шығармаларын кешенді түрде зерттеп, жүйелеп, тақырыптық идеялық, жанрлық және көркемдік ерекшелігін ашып көрсету. Осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясын алғаш рет қазақ тілінде кезеңдерге бөліп, жүйелеп талдау; - Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясының Қазақстан халықтары әдебиеті дамуы үдерісінде алатын орнын айқындау; - Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясында «Мәңгілік Ел» идеологиясына сай түркілік рух пен түркілік бірегейлік концепциясын талдау; - тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің тарихи бастау негіздері – түркі қағанаттарынан қалған жазба ескерткіштер, қарахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мәмлүктері сұлтандығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларымен сабактастығын зерделеу; - ежелгі түркі өркениеті, мәдениеті мен әдебиетінің ұлттық сипатын атажұртта жалғастырып келе жатқан рухани қазына ретінде аса құнды ахыска түріктері, өзбек, татар, ұйғыр ақындарының шығармаларындағы түркі халықтарына тұғыр болған Қазақстанды, қамқорлығына алған қазақ халқын, т.б. маңызды мәселелерді жырлаған әдеби үрдіс жалғастығын көрсету; - Қазақстандағы түркі халықтары (ахыска түріктері, өзбек, татар, ұйғыр) поэзиясындағы әр этностың шығармаларына тән ерекшеліктерін, басымдық берген тақырыптары мен қолданған жанрларын ашып талдау.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен	Докторлық диссертация ғылыми жұмыстың біртұтас жүйесін

		<p>құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>құрайды. Ғылыми жұмыстың құрылышы біртұтас жүйеде, барлық бөлімдері арасындағы ішкі бірлік айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық түрғыдан сабактастықта берілген.</p> <p>Диссертацияның негізгі жетістіктерінің бірі – диссиденттант өзі қарастырып отырған әдеби материалдардың әрқайсысына сынни көзқарас түрғысынан талдау жасайды. Зерттеудің тақырыбы бойынша ұсынылған диссидентттың корытындылары мен шешімдер накты дәлелдермен тиянақталған, бұған дейінгі пікір-шешімдермен салыстырылып отырады. Диссиденттант ұсынған еліміздегі диссертациялық зерттеуінде түркі этностарының бүгінгі тандағы поэзиялық шығармалары талданып, олардың түркі халықтарының тарихи бастау негіздері болып саналатын Түркі қағанатынан қалған жазба ескерткіштер, қарахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мәмлүктегі сұлтандығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларымен сабактастырылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жана болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жана</u>; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады) 	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын жаңа ғылыми ізденістің нәтижесінде туған тын тұжырымдар деп карау керек. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты пен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақ тілінде кешенді түрде зерттелмеген Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары (ахыска түркітері, өзбек, татар, ұйғыр) поэзиясы алғаш рет қазақ тілінде кезеңдерге бөлініп, жүйеленіп, бауырлас халықтардың көрнекті ақындарының шығармалары талданған. Мұны диссиденттант енбегінің толығымен жаңа зерттеу екенін дәлелдейді. 2. Диссертацияда Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясының Қазақстан халықтары әдебиеті дамуы үдерісінде алатын орны айқындалған. Қазақтың ұлттық, ортақ түркілік мәдениетін дамытуда өзіндік үлесі бар сала болып саналатын еліміздегі түркі халықтары поэзиясы Қазақстан халықтары әдебиетінің бір саласы ретінде қарастырылған. Бұл да зерттеудің ғылыми жаңалығы бола алады.

		<p>3. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясында «Мәңгілік Ел» идеологиясы және ортақ түркілік ұлттық құндылық мәселелерінің насиҳатталып отырганы нақтыланған. Ахыска түріктері, өзбек, татар, ұйғыр ақындары шығармаларындағы ортақ түркілік рух пен ұлттық болмыс, ортақ түркілік ұлттық бірегейлік концепциясы тұралы тұжырымдар жасалған. Бұл толық ғылыми жаңалық бола алады.</p> <p>4. Түркі халықтары әдебиеті өз кайнар бастауын – түркі қағанаттарынан калған жазба ескерткіштер, Қарахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мемлуктері сұлтандығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларынан алатындығымен байланыстыра отыры, диссертант түркі халықтары поэзиясының байырғы түркі өркениеті, мәдениеті мен әдебиетінің ұлттық сипатын атажұртта жалғастырып келе жатқан рухани қазына ретіндегі құндылығын ғылыми тұргыда зерделеген. Бұл да еңбектің жаңалы жаңалық дейгейін көрсетеді.</p> <p>5. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының азаматтық-отаншылдық, ортақ түркілік ұлттық бірегейлік сарындағы шығармалары әдеби дамудың ортақ сипатын, ортақ түркілік болмысын көрсеткенімен, ұйғыр мен ахыска түріктері поэзиясы байырғы атамекенді, отанды, түркілік рухты басымырақ жырлауымен ерекшеленсе, өзбек пен татар поэзиясының туған жер, табигат, өмір құбыльстары, тәлім-тәрбие, діни-исламдық тақырыптарды көп козғагандығы дәйекті деректермен айқындалған. Бұл толық ғылыми жаңалық болады.</p> <p>6. Ахыска түріктері, өзбек, татар, ұйғыр ақындары шығармаларының көркемдік жалғастығы мен ұлттық сипат ерекшеліктерінің сақтала дамуында Тәуелсіз Қазақстандағы әдеби үдерістегі ықпалдастықтар мен байланыстар негізгі қызмет атқаратындығын жан-жақты қарастырған. Бұл толық ғылыми жаңалық болады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Бұғынге дейін Қазақстан ғылымында елімізде өмір сүретін түркі текстес халықтар әдебиеті жекелеген этностар әдебиеті негізінде өзге тілдерде зерттелгенімен қазақ тілінде олардың</p>

		<p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	тарихи кезендері анықталмаған, поэзиялық туындылары ғылыми зерттеу аясында талданбаған, көрнекті әдеби тұлғалары туралы нақты қарастырылмаған. Диссиденттың бұл жұмысы осы олқылықтың орнын толтырған, аталған мәселелерді алғаш рет кешенді түрде зерттеп, ғылыми айналымға түсірген, докторлық диссертация деңгейінде қазақ тілінде жазылған тұнғыш ғылыми еңбек екенін атап айтуда болады.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Диссиденттың зерттеу жұмысында ұсынылған барлық шешімдері жаңа әрі олар тақырып бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелеріне толық негізделген.
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p><u>1 – қағидат.</u> Алғаш рет қазақ тілінде Тәуелсіз Қазакстандағы түркі халықтары (ахыска түркітері, өзбек, татар, ұйғыр) поэзиясының даму жолы кезендерге бөлініп, жүйеленіп, көрнекті ақындарының шығармашылығы жан-жақты талданып, ғылыми айналымға түсірілді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Ия, жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3). 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p><u>2 – қағидат.</u> Қазакстанда өмір сүріп жатқан түркі халықтарының поэзиясы біртұтас Қазақстан халықтары әдебиетінің көркем әрі маңызды бір саласы болып табылады.</p> <p>7.1 дәлелденді (1) 7.2 жоқ (2) 7.3 ия(1)</p>

	<p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Иә (1).</p> <p><u>3 – қағидат.</u> Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары (ахыска түріктері, озбек, үйгир, татар) әдебиеті қазақтың ұлттық, түркілік рухани мәдениетін, ортақ түркілік ұлттық құндылықтарын, «Мәңгілік Ел» идеологиясын байыта дамытуда өзіндік үлесі бар ықпалды сала болып табылады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p><u>4 – қағидат.</u> Түркі халықтары әдебиеті өзінің қайнар бастауын түркі қағанаттарынан қалған жазба ескерткіштер, қарахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мәмлүктері сұлтандығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларынан алады. Түркі халықтары поэзиясы байыргы түркі өркениеті, мәдениеті мен әдебиетінің ұлттық сипатын атажүртта жалғастырып келе жаткан рухани қазына ретінде аса құнды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p><u>5–қағидат.</u> Диссертация нысанына алынған поэзиялық шығармалар түркі қаламгерлеріне ортақ ағартушылық, әдеби-шығармашылық дәстүр сабактастығын танытып, тәуелсіз мемлекет, ұлт болу мақсаты жолындағы түркі халықтарының ортақ мұратын бейнелеген, түркі жүрттының байыргы атамекендері, өмірі, табиғаты, ондағы тарихи тұлғаларды, түркі халықтарына тұғыр болған қазақ елін, қамқорлық танытып отырған қазақ халқын, т.б. маңызды мәселелерді жырлаған әдеби үрдіс болып саналады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).</p>
--	--------------------------	--

		<p>7.2 Жоқ емес (2).</p> <p>7.3 Жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p>	
		<p>6. Қагидат. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының азаматтық-отаншылдық, ортақ түркілік ұлттық бірегейлік сарындағы шыгармалары әдеби дамудың ортақ сипатын, ортақ түркілік болмысын көрсетуімен қатар, үйғыр мен ахыска түріктері поэзиясы байыргы атамекенді, отанды, түркілік рухты басымырақ жырлауымен ерекшеленсе, өзбек пен татар поэзиясының туған жер, табиғат, өмір құбылыстары, тәлім-тәрбие, діни-исламдық тақырыптарды кеңірек қозғағандығы айқындалды.</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және</p>	<p>Иә. Әдістеменің таңдауы: негізделген</p> <p>Такырыпты зерттеуде ішкі саясат, әдебиеттану, мәдениеттану, диаспора мәселелерін зерттеудің (контент-анализ) әдіснамалары негізге алынды. Атап айтқанда жүйелік, тарихи тәсіл, объективтілік принциптері, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, теориялық талдау, сипаттау сияқты әдістер қолданылды.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи әдістерді пайдалана отырып алынған. Диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысының ізденіс үрдісінде нақты пайымдалған қорытындыларының сенімділігі мен негізділігі ізденушінің теориялық және методологиялық тұжырымдарды дұрыс қолдана білуімен, қолданылған ғылыми әдістердің дәйектілігімен, зерттеу міндеттеріне сай зерттеу әдістерін дұрыс таңдауымен, салыстырмалы талдаудың құндылығымен және оны жүйелі қорытындылай білуімен негізделген. Талдау барысында ақындардың жырларының көркемдік сипатына, құрылымына, ерекшеліктеріне тиянақты баға берілген.</p> <p>Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың</p>

		<p>зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) <u>жок</u></p>	пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаган</u></p>	Зерттеу еңбекте көрсетілген маңызды корытындылары мен дәйектері өзектілігімен ерекшеленеді және нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы дәлелденген.
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/<u>жеткіліксіз</u></p>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу мәселеін айқындап, оны шешу жолдарын талдауға жеткілікті турде қамтылған.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) <u>жок</u></p>	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері түркітану, халықаралық қатынастар саласындағы байланыстарды талдауға қатысты зерттеулерге үлес қосатындығы анық. Диссертациялық зерттеудің барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдар мен принциптерді түркітану саласындағы ғылыми ізденушілердің келешектегі ғылыми зерттеу жұмыстарында қолдануға болады.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) <u>жок</u></p>	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жоғары оку орындарындағы «Қазақстан халықтары әдебиеті», «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы», «Шет елдер әдебиетінің тарихы» пәндерінен оқылатын лекция, семинар, арнайы курс, арнайы семинар сабактарында көмекші оку құралы ретінде пайдалануға болады.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>; 2) <u>жартылай жана</u> (25-75% жана болып табылады);</p>	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі, осыған дейін Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары (ахыска түріктері, өзбек, татар, үйғыр) поэзиясы ғылыми деңгейде кешенді түрде зерттелмеген.

		3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу сапасы жоғары әрі қалыптасқан ғылыми стильде жазылған.

Докторант Буркитбаева Шынарай Дубировна «6D021200-Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Академик С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы



РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы Қазақ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАВЕРГІСІ:	Балтабай Әбдігазиұлы
КОПЫ	УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛА КазНПУ имени Абая
ПОДПИСЬ	